

ҒАСЫР КӨКЖИЕГІНДЕГІ ОЙЛАР

Біз ұзақ жылдар бойы ұлттық тарихымыз бен әдебиетімізді, мәдениетіміз бен өнерімізді түбегейлі зерттей алмай келдік. Оның себебі, кеңестік идеологияның ұлт құндылықтарын (әдебиеттің, мәдениеттің, өнердің тарихы мен әдеби, мәдени мұраларымызды) бүркемелеу арқылы бізді рухани мәңгүрттендіруге бағытталуында еді. Осындай заман теперішін көріп, әдебиет тарихынан өзіндік орнын ала алмай келген бір шоғыр – Сыр сүлейлері.

Шүкір, ел егемендігімен бірге келген рухани тәуелсіздік бізге азат ойлау мүмкіншілігін сыйлады. Енді осы азат дүниетаным тұрғысынан өткеніміз бен бүгінімізді ой - електен қайта өткізіп, талғам таразысына қайта салар уақыт та туды.

Әрине, Сыр бойындағы әдеби мектеп, ақындық орта (соңғы жылдары қалыптаса бастаған әдеби терминмен атар болсақ Сыр бойы әдебиеті) зерттелмей қалған жоқ. Бұл мәселеде көңіл көншітетін зерттеу еңбектері де бар. ХІХ-ХХ ғасыр басында өмір сүрген ақындар - Базар жырау, Қарасақал Ерімбет, Тұрмағамбет, Шораяқтың Омары, Қаңлы Жүсіп пен Кете Жүсіп т.б. әдеби мұралары туралы диссертациялар қорғалды. Олардың өмірі мен шығармашылығы бірнеше әдеби зерттеулер мен монографиялық еңбектерге негіз болды. Артында қалған мұралары жүйеленіп, жинақ болып басылды. Бұрын соңды баспа бетін көрмеген шығармалары оқырман қолына тиді. Бұл ретте әдебиеттанушы-ғалымдар Б. Кәрібозұлының, Т.Тебегеновтің, Б.Жүсіповтің, С.Қосановтың, Е. Әбдіхалықованың, Ш.Жаңбыршиеваның т.б. еңбектерін атап өткеніміз жөн.

Дегенмен, сүлейлер мектебі толыққанды зерттеліп болды деп көңіл тоғайтуға да негіз жоқ сияқты. Мәселен, Сыр бойындағы әдеби мектеп, оның зерттелуі туралы сөз қозғай қалсақ, бірінші болып түркі тектес халықтар кие тұтар ұлы тұлға Қорқыт мұралары ауызға алынады. Содан соң ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басындағы Сыр ақындары туралы айтамыз. Ал орта ғасырлардағы Сыр бойынан шыққан әдебиет пен мәдениеттің өкілдері туралы білеріміз аз. Яғни, осы кезең әдебиет зерттеушілері назарынан әлі де сырт қалып келеді. Белгілі ғалым Әбсаттар Дербісәлі атап көрсеткен «Сыр саңлақтары» туралы өзінен басқа ешкім «тіс жара» қойған жоқ. Ғалым Орта ғасырларда Сыр өңірінен Йағкуб бин Ширин әл-Женди, Хусам ад-Дин әл-Баршынлығы, Шайқы Баба Сығанақи, Мухаммед әл-Женди, Молла Ахмет әл-Женди, Сирадж ад-Дин Баршынкенти сияқты ғұлама ғалымдар мен ақындар шыққандығын алыс-жақын шетелдердің қолжазба қорларындағы дереккөздерін пайдалана отырып айтқан болатын. Сонымен бірге аталған тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы туралы Йақұт ар-Руми, Әбул-Қасым аз-Замахшари, В.В.Бартольд, Жамал Қарши, З.М.Буниятов, А.Ю.Якубовский еңбектерінде сөз болатындығын, кейбірінің мұралары Ресей Ғылым академиясы Шығыстану институтының, Ташкент Қолжазба институтының, Иран, Ауғанстан, Түркия, Сирия, Ирак, Египет кітапханаларының қолжазба қорларында кездесетіндіктерін айтады. Әрине, бұл кезең әдебиетін зерттеудің өзіндік қиыншылықтары бар. Оның ең бастысы, аталған кезең шығармаларының араб, парсы, түркі тілдерінде жазылуы. Бұл осы тілдерді жетік меңгерген, сонымен

бірге теологиялық білімі мол мамандарды қажет етеді. Екіншіден, жоғарыда айтып кеткеніміздей, орта ғасыр ғұламаларынан қалған мұралардың көпшілігі алыс-жақын шетелдердің ғылыми кітапханалары мен қолжазба қорларында. Бұл біршама қаржыны қажет ететіндігі белгілі. Сондықтан да әдебиет зерттеушілері ХІХ-ХХ ғасыр ақындарымен ғана шектеліп қалып отыр.

Осы жерде айта кетер бір мәселе, осыдан екі-үш жыл бұрын Египеттегі Қазақстан Республикасының Елшілігі сол ел кітапханасындағы Молла Ахмет әл-Женди мұраларын алып келгендігі туралы айтылған болатын. Бір өкініштісі, елімізге келген сол ортағасырлық әдеби мұраның өзін әлі күнге қолға алып, зерттей қойғанымыз жоқ.

Рухани мұралар ұлт байлығы ғана емес, сол халықтың тарихы, жүріп өткен жолы. Осы тұрғыдан қарағанда оны зерттеу мен зерделеу ортағасырлық Ренессанстың қайнар көздерінің бірі Сыр өңірі болғандығын көрсетері хақ. Тіптен, бұл әлемдік өркениеттегі Сырбойылық мәдениеттің алар орнын да анықтауға көмегін тигізері сөзсіз.

Ендігі бір мәселе, «Шаһнама» дастаны турасында. Шығыстың жауһар жырларының бірі - Әбілқасым Фирдоусидің «Шаһнамасы» әлем әдебиетінің құнды мұраларының бірі. Әлемнің бірнеше тіліне аударылған шығарма «Шығыстың Илиадасы» атанды. Бұл Фирдоуси шығармасына берілген әлемдік деңгейдегі баға екендігінде сөз жоқ.

«Шаһнаманы» қазақ тіліне аудару ісі ХVІІІ ғасырдың соңғы ширегінен бастап қолға алынды. Әдебиет тарихын зерттеушілер пікірлерге сүйенсек оны алғаш қазақ тіліне аударушылардың бірі - Ораз молда. Ақынның шын есімі Оразымбет. Ол ХVІІІ ғасырдың аяғы мен ХІХ ғасырдың басында Сыр бойында өмір сүрген, Найман руынан шыққан. Ораз молда қазақ әдебиетіне шығыс сюжетін алғаш әкелушілердің бірі. Ол араб, парсы тілдерін жетік білген. Бұхара медресесінде білім алған ақын Фирдоуси, Низами, Навои, Физули шығармаларымен жақсы таныс болған. Бірақ денсаулығына байланысты медресені аяқтамай, бір жылдан соң еліне қайтып келеді.

Ораз молда «Шаһнаманы» түпнұсқадан, яғни парсы тілінен аударған. Әбілқасым Фирдоуси өз шығармасының басында және соңында өзі, дастанның жазылу тарихы туралы айта келіп, өз есімінің осы шығармасы арқылы мәңгіге өлмейтіндігін айтады. Осы дәстүр «Шаһнаманы» жырлаған басқа ақындар тарапынан да көрінеді. Ораз молда да: «Ей, молда Ораз, дастан жаз, сенің әрбір сөзің гүл, әрбір хикаяң бақ, бұ дүниеден үнсіз өтіп кетіп жүрмегін», -деп өзіне жігер, қайрат береді. Сондай-ақ, ақын «Шаһнама» аудармасын Сыр бойындағы Өткелбай деген бақуатты кісінің өтініші бойынша жасағандығын айтады.

Деректерге сүйенсек Ораз молда «Шаһнама» аудармасының үш нұсқасын жасаған. Үшеуі де ескі шағатай, парсы тілдеріндегі түпнұсқалардан алынған. Автор дастанды аудару кезінде оқиға желісіне бірден бармай, Фирдоусидің өмір мен шығармашылық қызметіне, «Шаһнаманың» жазылу тарихына, дастанда жырланған кейбір аңыздарға тоқталып, өзіндік пікір білдіреді. Бұл ақынның шығыс әдебиеті мен тарихынан мол хабарының бар екендігін білдірсе керек.

Ораз молданың Рүстем ерлігіне байланысты қиссасы 1886 жылы Ташкентте жеке кітап болып шыққан. Ораз молда аудармасы туралы ХХ ғасыр басында және одан кейінгі жылдары әдебиетші-ғалымдар тарапынан пікірлер де айтылған. Мәселен, Темірбек Жүргенов 1936 жылғы 17 мамырдағы «Известия» газетіндегі «Жерұйық» атты мақаласында: «Бұл түркі тілдеріндегі халықтар тіліне аударылған ең толық аударма», - деген пікір білдірсе, Ораз Исаев «Правда» газетінің 1936 жылғы 3 шілдедегі номерінде жарияланған «Қазақстан Республикасы» мақаласында Ораз молданы «халық ақыны» деп бағалайды. Ал С.Мұқанов: «Ораз молда ХVIII ғасырдың соңғы жылдары мен ХІХ ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген ақын. Бұхарада оқып жатқан жерінен кемтар болғандықтан 54 жасында өзінің атамекені Ақмешітке қайтып келеді. Келгеннен кейін көп ұзамай-ақ Түзелбай деген байдың ұсынуымен «Шаһнаманы» қазақ тіліне аударды», - дейді. (Түзелбай емес, Өткелбай болса керек. Ғ.Т.). Белгілі әдебиетші Ә.Қоңыратбаев «Социалистік Қазақстан» газетінің 1936 жылғы 14 ақпандағы номерінде жарияланған «Шаһнама» және оның аудармасы туралы» деген мақаласында Тұрмағамбеттің аудармасы туралы айта келе: «Бұл кезге дейін «Шаһнаманың» басқа тілдерге аударылған тексті көбіне қара сөзбен жазылушы еді. Соның ішінде осы күнгі Тұрмағамбеттің қолындағы Ораз молданың аудармасы да қара сөзбен жазылған. Қара сөз арасына қысқа-қысқа бәйіт қосылады. Тұрмағамбет мұны кілең өлеңмен аударып жатыр. Мұнысы ізгі жұмыс.

... Иран елінің феодалдық құрылысын, оның дәстүрін, мінезін сипаттайтын жерлерді толығырақ беруге тырысу керек. Бұл жөнде молда Ораз аудармасының да шолақтық ететін жерлері көп... Мұның аса керек болатын тағы бір себебі – молда Ораз аудармасы толық емес. Кей жерінен (Рүстем соғысы) 80 қағаз түсіп қалған. Оның орны жоқ», - деп, Тұрмағамбет аудармасының толыққанды болуы керектігі туралы айтады. Бұдан сол кезеңдерде Ораз молда аудармасы ғылыми-әдеби ортаның назарын аударған, сондай-ақ, «Шаһнаманы» аудару кезінде Тұрмағамбет те Ораз молда нұсқасымен таныс болған деген қорытынды шығаруға болады.

Қалай болғанда да Ораз молда «Шығыс Илиадасы» атанған ұлы шығарманы қазақ тіліне аударған тұңғыш қазақ ақыны екендігінде сөз жоқ. Ендеше, ақынның бұл еңбегінің әдебиет тарихында, сондай-ақ, «Шаһнаманың» аударылу тарихында өзіндік орны бар.

Сыр сүлейінің осы еңбегін іздеу, мүмкіншілік болып жатса баспадан қайта шығару, текстологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу де Сыр бойындағы ғылыми-әдеби өзекті мәселенің бірі болмақ.

Қазіргі әдебиеттану ғылымының алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі – отаршылдыққа қарсылықтан туған ұлт-азаттық күрес жырларының жазылу тарихын, ондағы тарихи тұлғалар мен көркем образдар жүйесін, оқиғалар легін уақыт пен кеңістік аясында қарастыра отырып, жанрлық, көркемдік тұрғыдан жүйелеу болмақ. Өйткені еліміз егемендік алғаннан кейін халық басынан өткізген үлкенді-кішілі ұлт-азаттық көтерілістері тарихшылар тарапынан зерттеліп жатқанымен, заманымыздың көркем шежіресіндей – әдеби мұраларымызды зерттеу мен зерделеу әлі де толыққанды қолға алына қойған

жоқ. Заманауи талап - ұлттық тарихымызбен бірге, әдебиет тарихындағы «ақтандақ кезеңдерге» де қайта қарау. Сол арқылы әдебиет тарихын дәуірлеу, отаршылдық кезеңіндегі әдеби мұраларымызды ой елегінен өткізу, оның ұлт тарихындағы ролін анықтау.

Қазақ тарихында өзінің ұлттық, мемлекеттік тәуелсіздігін сақтап қалу жолында бірнеше ұлт-азаттық көтерілістері болғаны белгілі. Ішкі, сыртқы жаулардан қорғану, ұлттың азаттығы жолындағы күрестер қазақ топырағынан жүздеген батырларды шығарды. Солардың ішінде Кенесары Қасымұлы мен Жанқожа Нұрмұхамедұлының орны ерекше.

Ел қорғаған батыр ұлдарына арнап жыр тудыру, олардың халық үшін жасаған ерліктерін дәріптей жырға қосу ұлттық әдебиетіміздің дәстүрінде бұрыннан бар құбылыс. Осының бір дәлелі бүгінде бізге жетіп отырған Кенесары, Жанқожа батырлар туралы бірнеше әдеби туындылардың болуы. Бір өкініштісі, Жанқожа батыр, ол бастаған ұлт азаттық көтеріліс туралы жыр-дастандардың кейбірінің авторы әлі анықталмай келеді.

Сыр бойынан шыққан Нысанбай Жаманқұлұлы Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтеріліске бастан-аяқ қатысқан. Сондықтан да оның қаламынан Кенесары көтерілісін шынайы суреттеген «Кенесары - Наурызбай» тарихи дастаны туды.

Артына «Кенесары - Наурызбай» дастаны сынды өлмес мұра қалдырған Нысанбай жырау шығармашылығы да жете зерттеуді қажет ететін сияқты. Әрине, суреткер шеберлігі оның аз, не көп жазуымен өлшенбейтіндігі белгілі. Дегенмен, Нысанбай жыраудың артында бір ғана туындының қалуы кейде көңілге түйткілді ойларды әкелетіндігін де жасыра алмаймыз. Сондай-ақ, Жанқожа батырдың күрескерлік жолын жыр арқауына айналдырған белгісіз авторлар да ойландырмай қоймайды. Осы ретте белгілі ғалым Ә.Қоңыратбаевтың Жанқожа туралы дастанның бірін Нысанбай жырауға теліген пікірін еске ала отырып, аталған туындыларды салыстыра, текстологиялық жұмыстар жүргізудің де артықшылығы болмас деп ойлаймыз.

Сыр елінен шыққан Бұқарбай, Сейіл, Тоғанас, Қыстаубай т.б. батырлардың күрес жолдарын суреттейтін қолда бар көркем-тарихи туындыларды зерттеу, жинау, толықтыру мәселесі де назардан тыс қалмағаны абзал. Жалпы алғанда бұл бағытта «Сыр бойы қазақтарының отаршылдыққа қарсы көтерілісі және оның әдебиеттегі көрінісі» аясында жүйелі зерттеу жұмыстарын жүргізу нәтижелі болар еді.

Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселесіне өлшеусіз үлес қосқан ғалым Б.Кенжебаев: «Әдебиет тарихы ұлт тарихымен тығыз байланысты, соның бейнелі көрінісі, сүрлеуі: ол қай кезде болсын халық тарихының ізімен жасалады. Демек, қазақ әдебиетінің ғылыми тарихы да қазақ халқы азаматтық тарихының ізімен жасалуы тиіс» дейді. Шынында, әдебиет тарихы адамзаттың рухани сұраныстарымен, заманауи өзгерістермен қалыптасады. Сондықтан да белгілі бір кезеңдегі әдеби үдерісті сол кезеңдегі саяси-әлеуметтік жағдаймен байланыстыра қарастырамыз. Әдебиеттің ұлт тарихымен тағдырлас болуы да осыдан. Мәселен, кешегі күнге дейін әдебиет тарихынан өзінің нақты бағасын, орнын ала алмай келе жатқан тұлғалар бар. Олар кезінде кітаби ақындар,

діншіл ақындар деген желеумен әдебиет тарихынан, ел тарихынан ұмыт қалдырылды. Осындай бір шоғыр – Сыр сұлейлері. Өз шығармашылықтарының басым бөлігін діни-ағартушылық бағытқа арнаған Сыр бойы ақындары кешегі кеңестік дәуірде идеологиялық қысымға ұшырады. Олардың көптеген туындылары баспа бетін көрмеді. Қазіргі кезде ғана жекелеген ақындар шығармашылығы бүгінгі күн деңгейінен зерттеліп, өзіндік бағасын алуда. Осы ретте, әсіресе,

Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық бағыттағы поэзияны зерттеген ғалымдарымыз бұл бағыттың өмірге етене араласуын ХІХ ғасырдың аяқ кезеңі мен ХХ ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік жағдайлармен байланыстырады. ХІХ-ХХ ғасыр басындағы діни-ағартушылық бағытты ұстанған ақындар адам санасын мұсылмандықтың ізгі нұрымен сәулелендіру арқылы адал өмір сүру, адамгершілік, имандылық сияқты қасиеттерге тәрбиелеу, оқу-білім алуға шақырды. Адам мінезінің азуын, жауыздық, алдау-арбау, паракорлықтың кең өріс алуын дінсіздіктен деп түсінді. Және осы мұсылмандық жолдан тая бастауымызға негізгі себепкердің бірі Ресей отаршылдары екендігін білді. Сондықтан да адамды аздырудан сақтап қалудың бірден-бір жолы ретінде дін моралін ұсынды.

Міне, қазақ қоғамындағы осындай рухани сілкініс әдебиетке Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Нұржан Наушабаев, Ақмолла Мұхамедияров, Әбубәкір Кердері, Мұсабек (Молда Мұса) Байзақұлы сынды діни-ағартушылық бағытты ұстанған ақындар шоғырын алып келді. Қоғамдағы осы өзгеріс Сыр бойы ақындары Балқы Базардың, Шораяқтың Омарының, Тұрмағамбеттің, Қарасақал Ерімбеттің, Кете Жүсіптің, Қаңлы Жүсіп Қадірбергенұлының шығармашылығына, өмірлік ұстанымына әсерін тигізбей қоймады. Діни сауаты терең Сыр сұлейлері осы өңірдегі діни-ағартушылық бағыттың басында тұрды. Рух пен сананы мәңгірттендіру арқылы отарлауға деген қарсылықтарын поэзия тілімен білдірді. Осы ретте ХХ ғасыр басындағы Сыр бойындағы әдеби үдеріс діни-ағартушылық ағым ретінде тұтас қарастырылып, жүйеленуі іргелі зерттеуді қажет етеді. Бұл «Сыр бойындағы діни-ағартушылық ағым және оның өкілдері» аясында әдеби зерттеу нысанына айналып жатса аймақтық ғылымдағы өзекті мәселені көтерген болар еді.

Қазақ поэзиясы туралы сөз болғанда мейлі ол белгілі аймақтық әдеби мектеп төңірегінде болсын, мейлі бір ақын шығармашылығы турасында болсын Абайға соқпай кете алмасың анық. Абай дәстүрі ешқандай шекараға, аймаққа бағынбайды. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен қазіргі қазақ поэзиясына дейінгі аралықты Абайсыз елестету мүмкін де емес. Өйткені «Абай мұрасы – сан буын ұрпағымызға таптырмас таусылмас қазына...

...Қазақтың аты шулы ақындарының бәрі де өздерінің шығармашылық жолдарында Абай творчествосының тереңіне үңілмей, оның кәусәр бұлағынан сусындамай кете алмады. Ақындық жолдағы творчестволық ізденістерінде Абайды өздеріне ұстаз тұтып, берік нысана етіп ұстанды».

Сыр бойы ақындары ХХ ғасырдың бас кезінде-ақ Абай туындыларымен танысты. Ауыз әдебиетінен сусындап, өз туындыларын толғау, терме, өсиет түрінде дамытқан олар, Абай өлеңдеріндегі жаңалыққа тосырқай қарамай, оны

сол уақыттың өзінде-ақ поэзия әлемінде жаңашыл ақын деп түсінді. Ақын өлеңдеріндегі ағартушылық-демократиялық сарынды, сыншыл реализмді, философиялық ой түйіндеулерді, ақындық ойды көркем тілмен бейнелі жеткізудегі шеберлігін дәл аңғара білген Шораяқтың Омары, Қарасақал Ерімбет, Қаңлы Жүсіп пен Кете Жүсіп сынды ақындар Абай мұраларын Сыр өңіріне таратушылар болды. Оның көшбасында Тұрмағамбет тұрды. Сыр бойы әдебиетін зерттеуші Мардан Байділдаев 1959 жылы жарық көрген «Ақындар творчествосы» атты еңбегінде: «Сыр елі ақындарының ішінде Абай шығармасына таңсық боп тұңғыш танысқан да, оның сөздерін қастерлеп айтып, елге таратқан да Тұрмағамбет. Ол Абай кітабын алғаш рет 1910 жылы оқиды. Содан бастап ол кітап қолынан түспейді», -деуі осы сөзіміздің дәлелі.

«Абай үстірт қараған кісіге діншіл ақын сияқты әсер қалдырады. Бірақ үңіле зерттей қараса Абай исламияттың кейбір түбірлі ұғымдарын сыншыл ақыл сынына салып, оны өзіндік таным тұрғысынан адамгершілік дініне айналдырады. Өзінің гуманистік ойларын көбінесе діни ұғымдармен жанастыра отырып таратады. Абайда айтылған гуманистік танымдар мен пікірлерде теологиялық ұғымдар мен шығыстық термин сөздердің мол болуы, әрине, оны қоршаған әлеуметтік орта мен тыңдаушылар құрамына да байланысты. Исламияттық ұғым, діни сөздер молырақ қолданған шығармаларының өзінде де Абай адамшылық асыл мұратты ойларына тыңдаушы назарын үнемі бұрып отырады». Бұл белгілі абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлының пікірі.

Абай – адамгершілік ілімін поэзия тілімен өрнектей отырып, ұлттық философияға өлшеусіз үлес қосты. Жан, ар тазалығының бастау бұлағын ислам дінінен тарқата келе «инсаният камалият» яғни, «кәміл адам, толық адам» ұғымын «жүрек» ұғымымен байланыстыра, бірлікте ашады. Ақынның тұтас шығармашылығында (поэзиясы, қара сөздері) жүрек пен көздің физиологиялық мүшеден философиялық деңгейге көтерілуі де осындай ойшылдықтан туған.

Нағыз адам қандай болу керек деген өмірлік сұраққа жауап іздеу Шығыс ойшылдарынан бастау алады. «Кәміл адам» ұғымын алғаш енгізушілердің бірі әл-Ғазали «Амал өлшемдері» атты шығармасында нағыз адамға тән қасиеттер туралы толғанады. Құранның Нұр сүресін негізге алған ол адамдық сипаттарды бір мезгілде, бір кеңістікте өмір сүруінің әр түрлі амал-әрекеттерін талдау арқылы анықтауға ұмтылады. Ал қазақта Абай «кәміл адам», «көркем мінез» мәселесін зерделеуде алға шықты. Ақынның адамдық қасиеттер туралы толғаныс-өлеңдері мен қара сөздері адамгершілік моралінің түп қазығы боларлық дүние. Осы тақырыпқа қалам тербеп, өмірлік сұраққа жауап іздеген ақылман-ойшылдардың, сөз зергерлерінің жауап іздер көзі – түп қазығы ислам дүниесі екендігі даусыз. Түйін – ақыл әрқашанда бақылауда, тәрбиелеуде болу керектігі. Оның бақылаушысы мен тәрбиелеушісі таза рух пен жан, жүрек пен діл. Шындығында ақыл өте қуатты күш. Оны үнемі бақылауда ұстап, тәрбие тізгінін босатпау қажет. Бақылаусыз, тәрбиесіз ақылдан түрлі жамандықтарды да күтуге болады. Бұл нәпсінің жетегінде кетуден барып туындайтын ақылдың адасуы. Сондықтан да гуманист-ойшылдардың ең басты мақсаты адамзат баласын осы қауіптен сақтандыру болды.

Қазақ әдебиетіндегі жыраулар поэзиясынан бастап, бүгінгі күнге дейін өзекті болып келе жатқан жақсы мен жаман, мінез-құлық турасындағы дидактикалық шығармалардың түп-төркінін де осындай пәлсапалық, ойшылдық рисалалар мен ғибрат сөздерден іздеуіміз керек шығар. Сыр сүлейлері те осы дәстүрден ұзап кетпейді. Бірақ дәстүрді тек жалғастырушы, қайталаушы ғана емес, жаңартушы, жаңғыртушы ретінде өзіндік үнмен, өзіндік өрнекпен ой тербейді. Заман мен адам, қоғам мен тіршілік иесі арасындағы байланысты, үйлесімді болжай отырып, қоғамға ықпал етуші ең басты күш ретінде адам факторын алға шығарады. Адамды тәрбиелеу арқылы ғана қоғамды өзгертуге болатындығын ақындық түйсікпен сезінеді.

Жан мен тән мәселесінің діни-ағартушы ақындар шығармашылығының негізгі тақырыбы мен өзегіне айналуының мәні мен маңызы тереңде. Олардың пайымдауында жанның азығы – рухани жетілу болса, тәннің азығы – нәпсіге қатысты жайттар. Ал нәпсіні қоздырушы – шайтан. Сондықтан да адам бойындағы адамшылық қасиеттер жан мен тәннің, рух пен нәпсінің қатысы негізінде айқындалып, бағаланып жатады. Жақсылық – адамның жүрегінде, көңілінде. Жан мен жүректің, көңілдің тазалығы адам бойындағы барлық мінез-құлықтың билеушісі.

Сыр сүлейлерінің дидактикалық-ағартушылық сарындағы өлеңдеріндегі негізгі ой өзегі де осы исламдық танымды, жоғарыда айтып отырған Абай философиясын айналып өтпейді. Абайдағы «жүрек» ұғымы Сыр сүлейлерінде «кеуіл» ұғымымен ауыстырылған. Бар айырмашылық осы ғана. Ендеше біздің Сыр бойы ақындарын зерттеудегі басты мақсат-мұраттарымыз да осы төңірекке қарай ойысуы керек сияқты. Адамгершілік ілімі біз сөз етіп жүрген «шығармадағы адамгершілік тақырыбынан» әлдеқайда бөлек, тіптен биік, философиялық ұғым. Сондықтан Сыр бойы ақындары шығармашылығына философиялық-танымдық тұрғыдан қарап, зерделеу арқылы ғана біз дидактика мен философияның аражігін ажырата аламыз.

Сөз өнерінің бір ерекшелігі аймақтық сипатының болуында. Бұл әсіресе, біз сөз етіп отырған ғасырларда ерекше көрінді. Жетісудағы суырып салмалық, Арқа бойындағы сал-серілер мектебі, Сыр бойындағы сүлейлер салған із – барлығы қазақ әдебиеті сынды телегей теңізге құйылар арналы бастаулар іспетті. Ал оның басында сол өңірдің сөз зергерлері тұрды. Бүгінгі күні солардан қалған мұраны ел игілігіне жарату қазақ әдебиеттану ғылымының алдында тұрған, күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе екендігі шындық.

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚМУ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ
ЖУРНАЛИСТИКА» КАФЕДРАСЫНЫҢ МЕҢГЕРУШІСІ ТҰЯҚБАЕВ Ғ.Ә.